

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрлігі

Қазақстан Республикасы Еңбек
және халықты әлеуметтік қорғау
министрінің 2024 жылғы 5
мамырдағы № 141 бұйрығы.
Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде 2024
жылғы 13 мамырда № 34356
болып тіркелді

Министерство труда и социальной защиты
населения Республики Казахстан

**«Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының)
жиынтық кірісін есептеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан
Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023
жылғы 26 мамырдағы № 181 және «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті
тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан
Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 21 маусымдағы № 227
бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы**

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның
(отбасының) жиынтық кірісін есептеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан
Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 26
мамырдағы № 181 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеу тізілімінде № 32609 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек
алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық кірісін есептеу қағидаларында:

4-тармақтың 8) тармақшасы алып тасталсын;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Мансап орталығы өтініш берушінің келісімімен өтініш берушінің
кірістерін уәкілетті мемлекеттік органның және (немесе) тиісті мемлекеттік
органдардың және (немесе) ұйымдардың автоматтандырылған ақпараттық



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

жүйесінің деректерімен, мансап орталығының немесе ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің сұрау салуы бойынша мемлекеттік органдар және (немесе) ұйымдар ұсынған жазбаша құжаттармен, мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың тиісті ақпараттық жүйелерінде мәліметтердің болмауына байланысты өтініш беруші ұсынған құжаттармен салыстырып тексереді.»;

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«26. Адамның (отбасының) кәсіпкерлік қызметтен түскен жиынтық кірісін есептеген кезде:

- 1) өнімді (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан;
- 2) тауарлық-материалдық құндылықтарды, мүлікті сату құнының өсуінен түскен;
- 3) шаруа (фермер) қожалығының қызметі нәтижесінде және шартты жер үлесі мен мүліктік пайлардан алынған кіріс ескеріледі.

Шаруа қожалығы мүшелерінің жиынтық кірісін есептеу Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 12 ақпандағы № 166 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16448 болып тіркелген) бекітілген Салық есептілігін жасау қағидаларына сәйкес салық органдарына ұсынылатын алынған кіріс туралы декларацияда көрсетілген ауыл шаруашылығы өнімдерін сатудан нақты алынған кіріс ескеріле отырып жүргізіледі. Бұл ретте жылдық кіріс он екі айға бөлінеді және оның тиісті бөлігі айқындалатын кезеңдегі жалпы жиынтық кірісі қосылады;

4) тәуелсіз қызметкерлердің қызметі нәтижесінде алынған кіріс ескеріледі. Бұл ретте кіріс айлық есептік көрсеткіштің 25 еселенген мөлшерінен төмен емес ескеріледі;

5) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын адамның қызметі нәтижесінде алынған кіріс ескеріледі.

Адамның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудан алған бір айдағы кірісі алдыңғы салық кезеңі үшін мәлімделген кірістің сомасын осындай салық кезеңіндегі айлар санына бөлу жолымен айқындалады.

Бұл ретте патент негізінде арнайы салық режимін қолданатын жеке кәсіпкерлер бойынша бір айдағы табыс сомасы патент құнын есептеуде декларацияланған табыс сомасын осындай есепте көрсетілген айлар санына бөлу жолымен айқындалады.

Бұл ретте, егер декларацияда көрсетілген табыстың орташа сомасы айлық есептік көрсеткіштің 25 еселенген мөлшерінен төмен болған жағдайда, онда жиынтық кірісіне айлық есептік көрсеткіштің 25 еселенген мөлшеріндегі сома ескеріледі.

Жиынтық кіріс алынған шаманы кірістің орташа сомасынан не есепке жатқызуға белгіленген кіріс мөлшерін үш айға көбейту жолымен айқындалады, бұл ретте кіріс айлық есептік көрсеткіштің 25 еселенген мөлшерінен төмен емес ескеріледі.»;

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 21 маусымдағы № 227 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32885 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу қағидаларында:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Өтініш қабылдау кезінде мансап орталығы немесе әкім өтініш берушінің қатысуымен «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік органдардың және ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне (бұдан әрі – ақпараттық жүйе) мынадай мәліметтерді алу үшін дербес сұрау салуды қалыптастырады:

- 1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын;
- 2) қандас мәртебесі туралы;
- 3) босқын мәртебесі туралы;
- 4) шетелдік мәртебесі туралы;
- 5) азаматтығы жоқ адам мәртебесі туралы;

6) отбасының әрбір мүшесіне тұрақты немесе уақытша тұрғылықты жері бойынша тіркеу туралы;

7) жәрдемақыларды беру жөніндегі уәкілетті ұйымдағы банктік деректемелер туралы;

8) мүгедектікті белгілеу туралы;

9) баланың (барлық балаларға) тууын (қайтыс болуын) тіркеу туралы;

10) қорғаншылық (қамқоршылық) белгілеу туралы;

11) бала асырап алу туралы;

12) некені (ерлі-зайыптылықты) Қазақстан Республикасынан тыс жерде тіркеу жағдайларын қоспағанда, неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) (некені бұзуды) тіркеу туралы;

13) егер он сегіз жастан жиырма үш жасқа дейінгі асырауындағылар күндізгі оқу нысанының білім алушылары болып табылса – оқу орнында оқу фактісі туралы;

14) табыс туралы (жалақы, әлеуметтік төлемдер, кәсіпкерлік қызметтен түскен табыстар, жылжымайтын және (немесе) жылжымалы мүлікті жалға беруден, жылжымайтын және (немесе) жылжымалы мүлікті сатудан түскен табыстар);

15) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын адамның мәртебесі туралы;

16) өтініш берушіде және оның отбасы мүшелерінде атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау, төлеу немесе тағайындауға өтініш беру фактісінің болуы туралы;

17) жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы;

18) жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына тартылатын отбасының еңбекке қабілетті мүшелері үшін еңбек қызметі туралы (бар болса);

19) жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына тартылатын отбасының еңбекке қабілетті мүшелері үшін білімі, біліктілігі, арнайы білімінің немесе кәсіптік даярлығының (бар болса) болуы туралы;

20) атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға жүгінер алдындағы үш ай қатарынан алимент туралы және (немесе) берешектің болуы туралы;

21) өтініш берушінің отбасы мүшелерінің бас бостандығынан айыру немесе мәжбүрлеп емдеу орындарында болуы туралы;

22) меншігінде тұрғын үй, үй-жайдың болуы туралы;

23) меншігінде жеке тұрғын үй құрылысына арналған жер учаскесінің болуы туралы;

24) меншігінде автокөлік құралының болуы туралы;

25) іздестіру есебіндегі адамның мәртебесі туралы.

Өтініш беруші портал арқылы жүгінген кезде электрондық өтінішті қалыптастыру үшін қажетті мәліметтерді алу үшін мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне сұрау салуды өтініш берушінің өзі жүзеге асырады.

Растайтын мәліметтерді алған кезде портал арқылы сұрау салуды жүзеге асырған өтініш беруші өзінің ЭЦҚ-сымен куәландырады және портал уәкілетті мемлекеттік органның автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне атаулы әлеуметтік көмек тағайындау туралы электрондық өтінішті жібереді.

Өтініш беруші талап етілетін құжаттарды берген кезде өтініш берушінің «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.»;

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«33. Мансап орталығы атаулы әлеуметтік көмек тағайындау жөніндегі уәкілетті орган атаулы әлеуметтік көмек мөлшерін өзгерту, төлемін тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтініш берушінің өзіне немесе әкім арқылы осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша атаулы әлеуметтік көмек төлеуді тоқтату (мөлшерін өзгерту) туралы хабарлама береді.»;

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік көмек департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау
министрі**

**С.
Жакупова**

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

2024 жылғы 6 мамырдағы

№ 141

бұйрығына 1 қосымша

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік
көмек алуға үміткер адамның
(отбасының) жиынтық кірісін
есептеу қағидаларына
1-қосымша

**Қазақстан Республикасының табиғи жағдайы бойынша әкімшілік-аумақтық
аудандардың тізбесі**

Облысы, республикалық маңызы бар қала, астана	Ауданы, қала
1	2
1. Дала аймағы	
Солтүстік Қазақстан облысы	1. Айыртау ауданы 2. Ақжар ауданы 3. Мағжан Жұмабаев ауданы 4. Есіл ауданы 5. Жамбыл ауданы 6. Қызылжар ауданы 7. Мамлют ауданы 8. Шал ақын ауданы 9. Аққайың ауданы 10. Тайынша ауданы 11. Тимирязев ауданы 12. Уәлиханов ауданы 13. Ғабит Мүсірепов ауданы 14. Петропавл қаласы
Ақмола облысы	1. Біржан сал ауданы 2. Зеренді ауданы 3. Бурабай ауданы 4. Сандықтау ауданы 5. Бұланды ауданы 6. Ақкөл ауданы 7. Ерейментау ауданы 8. Жақсы ауданы 9. Көкшетау қаласы 10. Степногор қаласы
Қостанай облысы	1. Қарабалық ауданы 2. Федоров ауданы

	3. Меңдіқара ауданы 4. Ұзынкөл ауданы 5. Денисов ауданы 6. Әулікөл ауданы 7. Қарасу ауданы 8. Алтынсарин ауданы 9. Сарыкөл ауданы 10. Қостанай ауданы 11. Бейімбет Майлин ауданы 12. Қостанай қаласы 13. Рудный қаласы
Павлодар облысы	1. Ертіс ауданы 2. Железин ауданы 3. Тереңкөл ауданы
2. Қуаң дала аймағы	
Батыс Қазақстан облысы	1. Ақжайық ауданы 2. Тасқала ауданы 3. Бәйтерек ауданы 4. Теректі ауданы 5. Бөрілі ауданы 6. Шыңғырлау ауданы 7. Орал қаласы
Ақтөбе облысы	1. Қобда ауданы 2. Мәртөк ауданы 3. Әйтеке би ауданы 4. Қарғалы ауданы 5. Алға ауданы 6. Ақтөбе қаласы
Қостанай облысы	1. Қамысты ауданы 2. Наурызым ауданы 3. Жітіқара ауданы 4. Лисаковск қаласы
Ақмола облысы	1. Есіл ауданы 2. Атбасар ауданы 3. Қорғалжын ауданы 4. Шортанды ауданы 5. Целиноград ауданы 6. Астрахан ауданы 7. Аршалы ауданы 8. Егіндікөл ауданы 9. Жарқайың ауданы
Астана қаласы	1. Астана қаласы
Қарағанды облысы	1. Нұра ауданы 2. Қарқаралы ауданы

	3. Осакаров ауданы 4. Абай ауданы 5. Бұқар жырау ауданы 6. Қарағанды қаласы 7. Сарань қаласы 8. Шахтинск қаласы 9. Теміртау қаласы
Павлодар облысы	1. Ақтоғай ауданы 2. Баянауыл ауданы 3. Аққулы ауданы 4. Май ауданы 5. Павлодар ауданы 6. Успен ауданы 7. Шарбақты ауданы 8. Павлодар қаласы 9. Ақсу қаласы 10. Екібастұз қаласы
Абай облысы	1. Бесқарағай ауданы 2. Бородулиха ауданы 3. Көкпекті ауданы
Шығыс Қазақстан облысы	1. Алтай ауданы 2. Самар ауданы
3. Шөлейтті аймақ	
Алматы облысы	1. Қонаев қаласы
Батыс Қазақстан облысы	1. Бөкөйордасы ауданы 2. Жаңақала ауданы 3. Жәнібек ауданы 4. Қазталов ауданы 5. Қаратөбе ауданы 6. Сырым ауданы
Қостанай облысы	1. Амангелді ауданы 2. Жангелді ауданы 3. Арқалық қаласы
Ақтөбе облысы	1. Ойыл ауданы 2. Темір ауданы 3. Ырғыз ауданы 4. Хромтау ауданы 5. Мұғалжар ауданы
Қарағанды облысы	1. Шет ауданы 2. Ақтоғай ауданы 3. Балқаш қаласы 4. Приозерск қаласы
Ұлытау облысы	1. Жаңаарқа ауданы 2. Ұлытау ауданы

	3. Жезқазған қаласы 4. Қаражал қаласы 5. Сәтбаев қаласы
Абай облысы	1. Абай ауданы 2. Аягөз ауданы 3. Жарма ауданы 4. Семей қаласы 5. Курчатов қаласы
4. Шөлді аймақ	
Атырау облысы	1. Жылыой ауданы 2. Индер ауданы 3. Исатай ауданы 4. Құрманғазы ауданы 5. Қызылқоға ауданы 6. Мақат ауданы 7. Махамбет ауданы 8. Атырау қаласы
Қызылорда облысы	1. Арал ауданы 2. Жалағаш ауданы 3. Жаңақорған ауданы 4. Қазалы ауданы 5. Қармақшы ауданы 6. Сырдария ауданы 7. Шиелі ауданы 8. Қызылорда қаласы
Ақтөбе облысы	1. Байғанин ауданы 2. Шалқар ауданы
Маңғыстау облысы	1. Бейнеу ауданы 2. Қарақия ауданы 3. Маңғыстау ауданы 4. Түпқараған ауданы 5. Мұнайлы ауданы 6. Ақтау қаласы 7. Жаңаөзен қаласы
Түркістан облысы	1. Созақ ауданы 2. Отырар ауданы
Жамбыл облысы	1. Сарысу ауданы 2. Талас ауданы 3. Тұрар Рысқұлов ауданы
Алматы облысы	1. Балқаш ауданы
5. Тау етегі-шөлді-далалық аймақ	
Алматы облысы	1. Еңбекшіқазақ ауданы 2. Жамбыл ауданы 3. Кеген ауданы

	4. Қарасай ауданы 5. Райымбек ауданы 6. Талғар ауданы 7. Ұйғыр ауданы 8. Іле ауданы 9. Алатау қаласы
Жетісу облысы	1. Ақсу ауданы 2. Алакөл ауданы 3. Ескелді ауданы 4. Қаратал ауданы 5. Кербұлақ ауданы 6. Көксу ауданы 7. Панфилов ауданы 8. Сарқанд ауданы 9. Талдықорған қаласы 10. Текелі қаласы
Алматы қаласы	1. Алматы қаласы
Жамбыл облысы	1. Байзақ ауданы 2. Жамбыл ауданы 3. Жуалы ауданы 4. Қордай ауданы 5. Мерке ауданы 6. Мойынқұм ауданы 7. Шу ауданы 8. Тараз қаласы
Түркістан облысы	1. Арыс ауданы 2. Бәйдібек ауданы 3. Жетісай ауданы 4. Келес ауданы 5. Қазығұрт ауданы 6. Мақтаарал ауданы 7. Ордабасы ауданы 8. Сайрам ауданы 9. Сарыағаш ауданы 10. Сауран ауданы 11. Төлеби ауданы 12. Түлкібас ауданы 13. Шардара ауданы 14. Кентау қаласы 15. Түркістан қаласы
Абай облысы	1. Үржар ауданы
Шығыс Қазақстан облысы	1. Зайсан ауданы
Шымкент қаласы облысы	1. Шымкент қаласы
6. Оңтүстік Сібір таулы және тау етегі аймағы	

Шығыс Қазақстан облысы	1. Глубокое ауданы 2. Катонқарағай ауданы 3. Шемонаиха ауданы 4. Тарбағатай ауданы 5. Күршім ауданы 6. Ұлан ауданы 7. Өскемен қаласы 8. Риддер қаласы
Абай облысы	1. Ақсуат ауданы

2024 жылғы 6 мамырдағы

№ 141

бұйрығына 2-қосымша

Атаулы әлеуметтік көмекті

тағайындау және

төлеу қағидаларына

2-қосымша

Нысан

**«Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау» мемлекеттік қызметін
көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі**

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО
2	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері	Кент, ауыл, ауылдық округ әкімі, мансап орталығы, «электрондық үкіметтің» веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – «портал»), ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы
3	Мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімі	«Портал», мансап орталығына жүгінген кезде – мансап орталығы құжаттар топтамасын тіркеген күннен бастап – 15 (он бес) жұмыс күні Проактивтік қызмет көрсетілген кезде – адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуге адамның (отбасының) келісімін алған күннен бастап – 15 (он бес) жұмыс күні кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап – 18 (он сегіз) жұмыс күні Мемлекеттік органдарға немесе ұйымдарға сұрау салу ресімдеген жағдайда құжаттар топтамасын қалыптастыру мерзімі өтініш берушіге жазбаша хабарлама жібере отырып, күнтізбелік 30 (отыз) күнге дейін тиісті мемлекеттік органдарға және (немесе) ұйымдарға сұрау салу келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде ұзартылады мансап орталығында, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінде құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 минут
4	Көрсету нысаны	Электронды (ішінара автоматтандырылған) / қағаз түрінде/проактивті
5	Мемлекеттік қызметтер көрсету нәтижесі	Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау туралы хабарлама, ал бас тартқан жағдайда – оның себептерін жазбаша нысанда мансап орталығы немесе әкім арқылы, сондай-ақ ұялы байланыс желілеріндегі абоненттік нөмірге хабарлама жіберу жолымен хабардар ету. Қызметті портал арқылы көрсеткен кезде тағайындау туралы хабарлама, ал бас тартқан жағдайда – оның себептерін көрсете отырып, көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» уәкілетті органның ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында хабарлама.
6		Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі.

	Мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан өндіріп алына-тын төлем мөлше-рі және Қазақ-стан Респу-бликасы-ның заңна-масын-да көз-делген жағдай-ларда оларды өндіріп алу тә-сілдері	
7	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	1) мансап орталығында – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес сағат 12.30, 13.00-ден 14.00, 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 08.30, 9.00-ден 18.00, 18.30-ға дейін; 2) кент, ауыл, ауылдық округ әкімінде – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру – сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезектілік тәртібінде көрсетіледі. 3) «порталда» – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін	Мансап орталығына мемлекеттік қызмет көрсету үшін жүгінген кезде көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдау кезінде мынадай мәліметтерді алу үшін «электрондық үкімет» шлюзі арқылы мемлекеттік органдар мен ұйымдардың тиісті ақпараттық жүйелеріне (бұдан әрі – ақпараттық жүйелер) сұрау салуды қалыптастырады : 1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын, оның ішінде цифрлық құжаттар сервисінен (жеке басын сәйкестендіру үшін); 2) қандас мәртебесі туралы; 3) босқын мәртебесі туралы;

қызмет- ті алушы- дан та- лап еті- летін құжат- тар мен мә- лімет- тердің тізбесі	4) шетелдік мәртебесі туралы;
	5) азаматтығы жоқ адам мәртебесі туралы;
	6) отбасының әрбір мүшесіне тұрақты немесе уақытша тұрғылықты жері бойынша тіркеу туралы;
	7) жәрдемақыларды беру жөніндегі уәкілетті ұйымдағы банктік деректемелер туралы;
	8) мүгедектікті белгілеу туралы;
	9) баланың тууын (қайтыс болуын) тіркеу туралы (барлық балаларға);
	10) қорғаншылық (қамқоршылық) белгілеу туралы;
	11) бала асырап алу туралы;
	12) некені (ерлі-зайыптылықты) Қазақстан Республикасынан тыс жерде тіркеу жағдайларын қоспағанда, неке (ерлі-зайыптылықты) киюды (некені бұзуды) тіркеу туралы;
	13) егер он сегіз жастан жиырма үш жасқа дейінгі асырауындағылар күндізгі оқу нысанының білім алушылары бо-лып табылса – оқу орнында оқу фактісі туралы;
	14) кірістер туралы (жалақы, әлеуметтік төлемдер, кәсіпкерлік қызметтен түскен табыстар, жылжымайтын және (немесе) жылжымалы мүлікті жалға беруден, жылжымайтын және (немесе) жылжымалы мүлікті сатудан түскен та-быстар);
	15) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын адамның мәртебесі туралы;
	16) өтініш берушіде және оның отбасы мүшелерінде атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау, төлеу немесе тағайын-дауға өтініш беру фактісінің болуы туралы;
	17) жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы;
	18) жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына тартылатын отбасының еңбекке қабілетті мүшелері үшін еңбек қызметі туралы (бар болса);
	19) жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына тартылатын отбасының еңбекке қабілетті мүшелері үшін білімі, біліктілігі, арнайы білімінің немесе кәсіптік даярлығының (бар болса) болуы туралы;
	20) атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға жүгінер алдындағы үш ай қатарынан алимент туралы және (немесе) ол бойынша берешектің болуы туралы;
	21) өтініш берушінің отбасы мүшелерінің бас бостандығынан айыру немесе мәжбүрлеп емдеу орындарында болуы туралы;
	22) меншігінде тұрғын үй, үй-жайдың болуы туралы;
	23) меншігінде жеке тұрғын үй құрылысына арналған жер учаскесінің болуы туралы;
	24) меншігінде автокөлік құралының болуы туралы;
	25) іздестіру есебіндегі адамның мәртебесі туралы мәліметтер алу үшін «электрондық үкімет» шлюзі арқылы мем-лекеттік органдар мен ұйымдардың тиісті ақпараттық жүйелеріне (бұдан әрі – ақпараттық жүйелер) сұрау салуды қалыптастырады;
	Ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда әкім немесе мансап орталығы тиісті мемлекеттік органға және (немесе) ұйымға жазбаша сұрау салуды ресімдейді.
	Өтініш беруші жоғарыда көрсетілген құжаттарды қағаз жеткізгіште ұсынуға құқылы.
	Өтініш берген кезде көрсетілетін өтініш берушіге Орталықта, кент, ауыл, ауылдық округ әкімі - тіркеу күні және мемлекеттік қызметті алу күні, құжаттарды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген өтініштің үзбелі та-лоны беріледі.
	Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттарды «электрондық үкімет» веб-порталында тіркелген пайдала-нушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен бір реттік парольді беру арқылы немесе «электрон-дық үкімет» веб-порталының хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы алады.
	Порталға: көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық үкімет порталы арқылы атаулы әлеумет-тік көмек тағайындауға өтініш;

көрсетілетін қызметті алушы мен оның отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжаттың, қандастың мәртебесі туралы, босқын мәртебесі туралы, шетелдіктің мәртебесі туралы, азаматтығы жоқ адамның мәртебесі туралы, отбасының әрбір мүшесіне тұрақты немесе уақытша тұрғылықты жері бойынша тіркеу туралы мәліметтер;

жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымдағы банктік деректемелері туралы; мүгедектікті белгілеу туралы; баланың (барлық балаларға) тууын (қайтыс болуын) тіркеу туралы; қорғаншылық (қамқоршылық) белгілеу туралы; бала асырап алу туралы; некені (ерлі-зайыптылықты) одан тыс жерлерде тіркеу жағдайларын қоспағанда, неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу туралы; егер он сегіз жастан жиырма үш жасқа дейінгі асырауындағылар күндізгі оқу нысанының білім алушылары болып табылса – оқу орнында оқу фактісі туралы; табыстар туралы (жалақы, әлеуметтік төлемдер, кәсіпкерлік қызметтен, жылжымайтын және (немесе) жылжымалы мүлікті жалға беруден, жылжымайтын және (немесе) жылжымалы мүлікті сатудан түскен табыстар), кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын адамның мәртебесі туралы, өтініш берушіде және оның отбасы мүшелерінде атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау, төлеу немесе тағайындауға өтініш беру фактісінің болуы туралы әлеуметтік көмек, жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына тартылатын отбасының еңбекке қабілетті мүшелері үшін жеке қосалқы шаруашылығының болуы туралы, еңбек қызметі (бар болса) туралы; жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына тартылатын отбасының еңбекке қабілетті мүшелері үшін білімі, біліктілігі, арнайы білімінің немесе кәсіптік даярлығының (бар болса) болуы туралы; алименттер және (немесе) оларды алмастыратын адамдар туралы атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға өтініш білдірген тоқсанның алдындағы үш ай қатарынан олар бойынша берешектің болуы туралы; өтініш берушінің отбасы мүшелерінің бас бостандығынан айыру немесе мәжбүрлеп емдеу орындарында болуы туралы; меншігінде тұрғын үйдің, үй-жайлардың болуы туралы, меншігінде жеке тұрғын үй құрылысына арналған жер учаскесінің болуы туралы, меншігінде көлік құралының болуы туралы, іздестіру есебіндегі адамның мәртебесі туралы көрсетілетін қызметті алушы «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті берушілер іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттарды цифрлық құжаттар сервисінен порталда тіркелген пайдаланушының ұялы байланыс абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, бір реттік парольді беру арқылы немесе портал хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы алады.

Проактивтік қызмет көрсетілген кезде:

мемлекеттік қызметті көрсету үшін – көрсетілетін қызметті алушының проактивті қызмет көрсетуге келісімі, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысы арқылы банк шотының нөмірін растау немесе ұсыну.

Көрсетілетін қызметті алушының және оның отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжаттың, қандас мәртебесі туралы, босқын мәртебесі туралы, шетелдік мәртебесі туралы, азаматтығы жоқ адам мәртебесі туралы, отбасының әрбір мүшесіне тұрақты немесе уақытша тұрғылықты жері бойынша тіркеу туралы, мүгедектікті белгілеу туралы, баланың тууын (қайтыс болуын) (барлық балаларға) тіркеу туралы, қорғаншылық (қамқоршылық) белгілеу туралы, бала асырап алу туралы, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде некені (ерлі-зайыптылықты) тіркеу жағдайларын қоспағанда, некені (ерлі-зайыптылықты) қиюды (бұзуды) тіркеу туралы, егер он сегіз жастан жиырма үш жасқа дейінгі асырауындағылар күндізгі оқу нысанының білім алушылары болып табылса - оқу орнында оқу фактісі туралы, табыс туралы (жалақы, әлеуметтік төлемдер, кәсіпкерлік қызметтен түскен табыстар, жылжымайтын және (немесе) жылжымалы мүлікті жалға беруден, жылжымайтын және (немесе) жылжымалы мүлікті сатудан түскен табыстар); кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын адамның мәртебесі туралы, өтініш берушіде және оның отбасы мүшелерінде атаулы әлеуметтік көмек тағайындау, төлеу немесе оны тағайындауға өтініш беру фактісінің болуы туралы, жеке қосалқы шаруашылығының болуы туралы, жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына тартылатын отбасының еңбекке қабілетті мүшелері үшін еңбек қызметі туралы (бар болса), жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына тартылатын отбасының еңбекке қабілетті мүшелері үшін білімі, біліктілігі, арнайы білімінің немесе кәсіптік даярлығының (бар болса) болуы туралы, атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға өтініш білдірген тоқсанның алдындағы қатарынан үш ай ішінде алимент және (немесе) олар бойынша берешегінің болуы туралы, бас бостандығынан айыру орындарында болуы немесе өтініш берушінің отбасы мүшелерін мәжбүрлеп емдеу туралы, меншігінде тұрғын үйдің, үй-жайлардың болуы туралы, меншігінде жеке тұрғын үй құрылысына арналған жер учаскесінің болуы туралы, меншігінде автокөлік құралының болуы туралы, іздестіру есебіндегі адамның мәртебесі туралы мәліметтерді, электрондық өтініште көрсетілген банк шотының нөмірі туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкімет» шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттарды іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен портал хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабар жіберу арқылы пайдаланушының порталда тіркелген ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда алады.

9	Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер	Атаулы әлеуметтік көмек тағайындаудан бас тартуға:
		1) отбасының жан басына шаққандағы орташа кірісінің облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада белгіленген кедейлік шегінен асуы;
		2) учаскелік комиссияның материалдық жағдайына тексеру жүргізуден өтініш берушінің бас тартуы;
		3) адамның (отбасының) материалдық жағдайын тексеру нәтижесінде дайындалған қажеттіліктің жоқтығы туралы учаскелік комиссияның қорытындысы;
		4) Кодекстің 122-бабының 4-тармағында көрсетілген адамдарды қоспағанда, отбасының еңбекке қабілетті мүшесінің жұмыспен қамтуға жәрдемдесетін шараларға қатысудан бас тартқан күннен бастап алты ай ішінде бас тартуы;
		5) алушының кінәсінен бұрын жасалған әлеуметтік келісімшартты бұзу және (немесе) әлеуметтік келісімшартта көзделген міндеттемелерді орындамау – атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға қайталап өтініш бергенге дейінгі алты ай ішінде;
10	Мемлекеттік қызметтерді, оның ішінде электрондық нысанда ұсыну ерекшеліктерін ескеріп отырып қойылатын өзге де талаптар	6) атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін көрінеу жалған мәліметтер және (немесе) дұрыс емес құжаттарды – олар ұсынылған күннен бастап алты ай ішінде ұсыну негіз болып табылады.
		Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің www.enbek.gov.kz интернет-ресурсында «Мемлекеттік қызметтер» бөлімінде орналастырылған.
		Өтініш беруші қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметтерді көрсету мәртебесі туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушінің анықтама қызметтері, сондай-ақ «1414», 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы ала алады.
		Цифрлық құжаттар сервисі мобильдік қосымшада және пайдаланушылардың ақпараттық жүйелерінде авторизацияланған субъектілер үшін қолжетімді. Цифрлық құжатты пайдалану үшін пайдаланушылардың мобильді қосымшасында және ақпараттық жүйелерінде қолжетімді әдістермен авторизациядан өту қажет, бұдан әрі «Цифрлық құжаттар» бөлімінде одан әрі пайдалану үшін қажетті құжатты қарайды.
		Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда, жәрдемақы тағайындау туралы ақпаратты портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.